

Әлемдегі ерекше мектептер

. Жер астында орналасқан Террасет Террасет мектебі



- 1. Жер астында орналасқан Террасет Террасет мектебі – Вирджиния штатының Рестон қаласында орналасқан. Бұл мектепті «Жер асты оқушылары» деп атайды. Бұл мектептің салынуына басты себеп – 70 жылдары Америкада болған үлкен дағдарыс. Сол дағдарыс нәтижесінде, өзін-өзі жылытатын, қуатты үнемдейтін мектеп салынған. Міне, бүгінгі күні осы ғимараттың білім ордасына айналғанына 40 жылға жуық уақыт өтіпті. Жер астында орналасқан бұл мектеп өзін жылытып қана қоймай, салқындата да алады.

Суда жүзетін мектеп



- Камбоджадағы Тонлесап өзенінің үстінде орналасқан Кампонг Луонг мектебі нақ суда орналасқан. Бұл аймақтағы тұрғындар суда жүзетін мектепке таң қалмайды. Себебі дүкен, үй, ғимарат атаулысының барлығы дерлік судың үстінде орналасқан. Аталмыш мектепте 60 оқушы білім алып жатыр. Қырық баланың әке-шешесі балық аулау кезінде суға батып кеткендіктен, жетім қалған. Мектептің ішінде бір ғана сынып бар. Ал мектепке кір жуатын кіршімен жүзіп барады. Көбінесе туристер жетім балаларға киім-кешек, тәтті тағамдар апарып беретіндіктен, ата-аналарының жоқтығы аса байқала бермейді. Мектеп оқушыларының жағдайы толықтай жасалған. Олар әдеміше келген айдын көлдің жағасында тұрады және онда кітапхана, компьютер сыныптары, спортзал бар.

